АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
2024 жс. 28 наурыз
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 1/219
город Алматы

Алматы қаласының жергілікті бюджет резервінен шұғыл шығындарға қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларына сәйкес және Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының жергілікті бюджет резервінен шұғыл шығындарға қаражат бөлу туралы» 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 2/233 және 2023 жылғы 25 мамырдағы № 2/316 қаулылары негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Қаржы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жергілікті атқарушы органның резервінен Алматы қаласы Құрылыс басқармасына шұғыл шығындарға жалпы сомасы 245 191 193 (екі жүз қырық бес миллион бір жүз тоқсан бір мың жүз тоқсан үш) теңге, оның ішінде құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін:

1) Алматы қаласы әкімі аппаратының ғимаратына Үкіметтік байланыс орнату бойынша 137 580 047 (бір жүз отыз жеті миллион бес жүз сексен мың қырық жеті) теңге;

2) Алматы қаласы әкімі аппаратының ғимараты бойынша 107 611 146 (бір жүз жеті миллион алты жүз он бір мың жүз қырық алты) теңге бөлсін.

2. Алматы қаласы Құрылыс басқармасы бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етсін және олардың пайдаланылуы туралы есепті Алматы қаласы Қаржы басқармасына ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е. Досаев**

Упр. строит-ва (2)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
28 марта 2024 г.
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 1/219
город Алматы

О выделении средств из резерва местного бюджета города Алматы на неотложные затраты

В соответствии с законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Правилами использования резервов Правительства Республики Казахстан и местных исполнительных органов, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года №325, и на основании постановлений акимата города Алматы от 10 апреля 2023 года № 2/233 и от 25 мая 2023 года № 2/316 «О выделении средств из резерва местного бюджета города Алматы на неотложные затраты», акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Управлению финансов города Алматы в установленном законодательством Республики Казахстан порядке выделить из резерва местного исполнительного органа Управлению строительства города Алматы на неотложные затраты в общей сумме 245 191 193 (двести сорок пять миллионов сто девяносто одна тысяча сто девяносто три) тенге, из них для завершения строительных работ:

1) по подведению Правительственной связи к зданию аппарата акима города Алматы 137 580 047 (сто тридцать семь миллионов пятьсот восемьдесят тысяч сорок семь) тенге;

2) по зданию аппарата акима города Алматы 107 611 146 (сто семь миллионов шестьсот одиннадцать тысяч сто сорок шесть) тенге;

2. Управлению строительства города Алматы обеспечить целевое использование выделенных средств и представить отчет об их использовании в Управление финансов города Алматы.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Алматы.

Аким города Алматы **Е. Досаев**